

Жүрек- қантамыр аурулары Гипертония Стенокардия Инсульт Миокард инфарктісі

ОРЫНДАҒАН: ХИМИЯ
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТФП-121
ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ ШАРИПОВА
М.М.

ТЕКСЕРГЕН: ФИЗИОЛОГИЯ
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ АҒА
ОҚЫТУШЫСЫ САРСЕМБАЕВА А.
Ш.




Жоспар:

- 1.Жүрек-қантамыр аурулары
- 2.Гипертония
 - 2.1 Белгілері;
 - 2.2.Алғашқы дәрігерлік көмек;
- 3.Стенокардия және оның түрлері;
 - 3.1 Белгілері;
 - 3.2 Алғашқы дәрігерлік көмек;
- 4.Инсульт оның түрлері, оны тудыратын факторлар және белгілері.
- 5.Миокард инфарктісі;белгілері;алғашқы дәрігерлік көмек
- 6.Қорытынды.

Жүрек қан-тамыр аурулары

- Жүрек аурулары, әр түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар.
- Жүрек ауруларының жиі кездесетін түрлері: ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыр неврозы, миокард инфарктысы, гипотония, т.б.
- Жүрек ақауы – жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы. Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар.



БЕЛГІЛЕРІ:

- Адам алғашқы кезде ауруын сезбейді. Ауру асқынған кезде науқас ендігеді, жүрегі қағып, шаншып, қан айналысы төмендейді, қол-аяғы ісінеді. Жүрек және қан тамыр неврозы – жүрек және қантамыр жүйесі қызметінің бұзылуы мен зақымдануы. Бұлар үш топқа бөлінеді. Бірінші тобы – жалпы невроз (неврастения, истерия, т.б.). Бұл кезде жүректің соғуы бұзылады. Клиникалық белгісі: адамның беті қызарады, сұрланады, басы ауырады. Екінші тобы – гипертония, гипотония аурулары.

Аурудың пайда болу себептері

- Бұл аурулар мидың жүрек пен қан тамырының жұмысын реттейтін жүйке орталығы қызметінің бұзылуынан, сондай-ақ, ми қыртысының ауруға шалдығуынан пайда болады. Үшінші тобына вегетативтік жүйке жүйесін зақымдап, кейін ми қыртысына таралатын жүйке аурулары жатады. Ауру көбіне адамның жеке органдарында дамып, кейін жұлын және симпатикалық жүйке жүйесінің басты бөлімдеріне таралады. Бұған Меньер, Рейно аурулары, Вольфра – Паркинсон – Уайт синдромы, бас сақинасы, стенокардия, жүрек аритмиясы, жүрек тосқауылдары, т.б. жатады. Жүрек пен қантамырлар жүйесінің аурулары әр түрлі жағдайларға байланысты.

ГИПЕРТОНИЯ

- Гипертонияның (гипер — артық, көп. Тонус — қысым, сығым) негізгі белгісі адамның артериялық қан қысымы артады. Бұл адамның түрлі жағдайына және басқа ауруға байланысты. Бірақ кейде күтпеген уайым-қайғыдан немесе ауыр қара жұмыстан кейін сап-сау адамның қан қысымы да уақытша артуы мүмкін.

БЕЛГІЛЕРІ

- Аурудың бірінші кезеңінде науқастардың кейбіреулері ешқандай ауыртпалықты сезінбейді. Ал екінші біреулерінің ауық-ауық басы ауырып, құлағы шулайды, ұйқысы бұзылады, еңбек қабілеті бірден төмендеп, әсіресе түнге қарай басы айналып, мұрны қанайды, жүрегі ауырады.
- Аурудың екінші кезеңінде басы жиі ауырады немесе басы айналады. Кейде стенокардиямен ауырғаны байқалады, бір жұмыс істегенде жүрегі алқынып, ентігіп қалады. Аурудың бұл кезеңінде науқас адам гипертониялық кризге ұшырауы мүмкін. (а.қ.-ның 230/130-190/120 баруы)


- Гипертониялық кризге ұшырататын себептердің бірі-адамның психикасына әсер ететін күйзелістің жиілеуі

- Гипертонияның үшінші кезеңінде қанның артериялық қысымы өте жоғарылап кетеді де, сол деңгейде қалып,қалыпқа келе алмайды..

СТЕНОКАРДИЯ

- Стенокардия-жүректің ишемиялық ауруының түрлерінің бірі.Жүрек бұлшық етіне қанның жетіспеуінен туындайды. Және кеуде тұсында жайсыздық пен ауырсыну сезімімен сипатталады.
- Стенокардия кезінде ауру көбінесе кеуденің сол жағына,жүректің тұсына беріледі,кейде ауру жқтқыншаққа , асқазан тұсында пайда болады.
- Ауру кейде сол білекке,сол қолдың IV-V саусақтарына беріледі.Бұлай таралу 3 түрлі болады.

коронарлық артерия тарылуы салдарынан жүрек бұлшық етіне қан келуінің жетіспеуі стенокардияға (кеудедегі ауырсынуға) апаруы мүмкін



**коронарлық
артериядағы
түйіндек**

Стенокардияның түрлері

- 1.Күш түсу стенокардиясы-күш түскенде, зорыққан кезде пайда болады. Адам күш түсетін дене еңбегімен айналысқан кезде жүрегінің тұсы ауырып,бірнеше минутқа созылады.Ал жұмыста тоқтатқаннан кейін адам жүрегі ауырмағандай өзін жақсы сезінеді.
- 2.Тыныштық стенокардиясы: Ауру ауыр жұмыс істемей тыныш отырған кезде,ұйықтап жатқанда және күндіз демалып отырғанда күтпеген жерден жүрек тұсы шаншып қысады.

- 1948 жылы А.М. Сигал аурудың 5 түрін атап көрсетті:
- Атеросклероздық стенокардия;
- Ангионероздық стенокардия;
- Диафрагманның патологиялық жоғары орналасуы;
- Қан қысымының нормадан тыс көтерілуі;
- Қолқаның мерез ауруына ұшырауынан болатын стенокардия.

- Стенокардия белгілерін байқағанда науқастыңқысатын киімдерден босатып, терезені ашу керек. Жөтел шақырту керек және басын жоғары көтеру.Міндетті түрде жедел-жәрдем шақыру керек.

ИНСУЛЬТ

- **Инсульт** – мидың жүйке жасушаларының зақымдануы мен өлуіне әкелетін ми қанайналымының бұзылуы.
- Инсульт өте қауіпті ауру. Ол кенеттен және жылдам дамиды. Салдарынан науқас өліп кетуі мүмкін. Инсульттің симптомдарын байқаған бойда науқасқа жедел медициналық көрмек көрсету керек.

Инсультті тудыратын факторлар:

Гипертониялық ауру (қан қысымының жоғары болуы)

- Ұйқы артериясының стенозы (тарылуы)
- Қанұйығыштықтың бұзылуы
- Ми тамырларының аневризмі
- Жүрек ритмінің бұзылуы
- Атеросклероз және басқа да жүрек- қантамыр аурулары
- Қант диабеті
- Зиянды әдеттер (темеке, алкоголь)
- Ұйқысыздық
- Майбасу
- Демнің тоқтауы (демнің 10 секундтан артық тоқтауы)

Инсульттің түрлері

Ишемиялық инсульт (мидың инфарктісі) – инсульттің ең жиі кездесетін түрі. Ми артерия тамырыны тарылып немесе бітеліп қалғанда, миға қан келу кенет тоқтайды. Ми жасушалары оттегімен келетін пайдалы қоректен айырылып, аз уақыттың ішінде өле бастайды.

- **Геморрагиялық инсульт** (ми ішіндегі гематома). Инсульттің бұл түрі қантармырдың жарылуынан немесе тесіліп ағуынан болады.

Инсульттің алғашқы белгілері мен симптомдары:

- Кенет әлсіздіктің пайда болуы
- Сал ауру немесе бет, қол-аяқ ұштарының ұюы
- Сөйлеудің бұзылуы
- Көз көргіштіктің нашарлауы
- Бастың қатты ауырсынуы
- Бас айналу
- Тепе-теңдікті жоғалту және жүру координациясының бұзылуы

Адамда инсульт болып жатқанын қалай білуге болады?

- Егер адам теңселіп, өзін еркін ұстай алмай тұрса, мас адам екен деп қалдыруға асықпаңыз. Бұл инсульттің симптомдары болуы мүмкін. Келесі белгілерге мұқият қараңыз:
- Одан көмек керек емес пе деп сұраңыз. Жауап беру кезінде сөздері анық шықпай, тілі күрмеліп жатыр ма, мән беріңіз.
- Күлуді сұраңыз. Күлгенде езуі әртүрлі линияда тұрса, онда ол инсульттің симптомы.
- Қолын қысып көріңіз. Инсульт кезінде қол алысуда қолдары әлсіз болады, бір қолын жоғары көтеруін сұрағыз, қолы қайта төмен түсіп кетсе, бұл да инсульттің белсігі болады.
- **Осы белгілерді байқаған жағдайда:**
- **Жедел дәрідем шақыру**
- **Алғашқы көмек көрсетукерек**

МИОКАРД ИНФАРКТИСІ

- **Миокард инфарктісінің туындау себептері:**
- шамадан тыс тамақтану;
- тамақ рационының дұрыс болмауы;
- қимыл – қозғалыстың жеткіліксіз мөлшерде болуы;
- гипертоникалық аурулар;
- жағымсыз әдеттер: темекі тарту, шылым шегу;

МИОКАРД ИНФАРКТИСІ:

- ***Даму сатысы бойынша:***
- Аса жедел (Ми басталғаннан 2-6 сағат)
- Жедел кезеңі (МИ басталғаннан 10 күн)
- Жеделдеу кезеңі (10-ші тәуліктен 4-8 аптаға дейін)
- Тыртықтану кезеңі (4-8 аптадан 6 айға дейін)
- ***Зақымдалудың анатомиясы бойынша:***
- Трансмуральды
- Интрамуральды
- Субэндокардиальды
- Субэпикардиальды

Миокард инфарктісінің клиникалық көрінісі:

- Күш түсумен байланыстыратын, нитраттарға басылмайтын, бір сағатқа созылатын төстің артындағы қатты күйдіріп, қысып, батып, тырнап ауырсыну. Көбінесе сол жақ иық, жауырын асты, қолға берілетін интенсивті ауырсыну. Суық жабысқақ термен жүреді. Жиі қорқыныш сезімі, әлсіздік, ентігу қосылады.

Алғашқы дәрігерлік көмек

- Ауруханаға дейінгі кезде көрсетілетін көмек:
- Тіл астына нитроглицериннің бір таблеткасын салып, 0,25-0,35 г аспирин ішкізу
- Анальгетиктер салып ауырсынуды толық басу
- Қатерлі болуы мүмкін ырғақ бұзылысын жою.
- Жедел жүрек шамасыздығын жою
- Кардиогенді шоктан шығарып алу
- Клиникалық өлім болғанда реанимацияны жүргізу
- Науқасты кардиологиялық бөлімшеге мүмкіндігінше тез жеткізу.

Миокард инфарктісін алдын алу

- Ең алдымен темекіден толықтай бас тарту қажет;
- Тиімді тамақтану ережелерін сақтау;
- Майлы тамақтардан бас тарту, тұзды пайдалану мөлшерін азайту- тәулігіне 4 грамм, құрамында калийі мол (бұршақ, өрік, құрма, теңіз қырыққабаты) тамақтарды көп пайдалану, сарыуызды барынша аз пайдалану;
- Көкеніс пен жеміс-жидектерді барынша мол пайдалану;
- Алкогольді ішімдікті белгіленген мөлшерде ғана пайдалану;
- Дене белсенділігін арттыру, семіздіктен сақтану;
- Қандағы холестерин құрамын үнемі тексеріп, бақылап отыру;
- Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе айтарым- дәрігер ауру адамды емдейді, ал, аурудың алдын алу әрбір адамның өз тірлігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Жүрек қан-тамырлары жүйесінің сырқаттары ХХ ғасырдағы ең көп тараған күрделі аурулардың бірі болып табылады. Медициналық мәліметтерге қарағанда бұл ауру қазір бірінші орында тұр. Жүрек аурулары экономикалық жағынан дамыған елдерде, әсіресе жастар мен орта жастағы адамдар арасында кең таралады. Сөйтіп, олар осы аурулардың салдарынан еңбекке қабілеті төмендеп, іске жарамсыз мүгедек болып қалады.